

«Өлеңті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 1

2024-2025 оқу жылы 27.09.2024

Сынып: 9 «А» Сынып жетекшісі: Охан М.

Қатысуға тиісті: 17

Қатысқаны – 12

Қатыспағаны – 5

Себептісі – 5

Тақырыбы

«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеп ережелері »

Мақсаты:

1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.
3. Мектеп ережесі , мектеп формасы жайлы

Күн тәртібінде:

- 1.Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі »
2. Мектеп ережесімен таныстыру, мектеп формасы жайлы айту
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1.Мәселе

Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және колледжбен байланысы»

“Отбасы –шағын мемлекет

Мен-президент, сен-премьер...”

Қ. Аманжолов

Отбасы- ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі, өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі, кіріс- шығыс бюджеті, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болмыс-тіршілік жақтары болады. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасы құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуына тәрбиелеген.

Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз — ата-ана.

Жанұяда жақсы қасиеттер балаға сөзбен, үлкендердің үлгісімен сіңеді, дамиды:адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық,өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызу оның үйренуіне көмектесу берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулың төзімділікпен бақылау істеген ісін ұқыпты , тындырымды орындауына бағыт беру жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіру Балаға теріс әсер етеді: Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы,

«Өлеңті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы
балалардың көзінше арақ ішу, үсті-үстіне темекі тарту т.б.

«Балаңда өсер, көкейіңді тесер»

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады

Кейде сабақты жиі қалдыруға және әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады.

Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін.

Сондықтан Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту,

тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса

дамыту, сүйікті ісімен айналысуға мүмкіндік беру дұрыс білім алуына жағдай жасау

Ата-анаға берілетін кеңес:

1. Балаға мұғалім туралы көбірек мағлұмат беріп, дайындық жұмысын алдын ала жүргізіңіз.
2. Балаңызды өзіне-өзі қызмет етуге дайындаңыз.
3. Жанұяда бала тәрбиесіне бірдей талап қоя біліңіздер.
4. Балаға уәде бергеннен кейін орындауға тырысыңыз, орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда дұрыс түсінік беріңіз.
5. Баланың өз бетімен әрекет жасауына мүмкіндік беріңіз (бермеген жағдайда бала өмір бойы бір істі өздігінен істей алмайтын, жалтақ, өзіне сенбейтін болып өседі).
6. Балаңызға сүйіспеншілікпен қараңыз. Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді.

Ой толғанысы ...

1. Егер баланы үнемі сынап отырса, оқуға құлқы болмайды

Балаға үнемі күлсе, бұйығы болып өседі

Баланы қолдап отырса, білімге деген ынтасы артады

2. Балаға сенім артса, ол батыл болады

Бала төзімділікте өссе, адал болып жетіледі

Бала қауіпсіз жағдайда өссе, ол адамға сеніммен қарайды

- 3 Бала кекшілдікте өссе, ол қатыгез болып өседі

Бала адалдықта өссе, әділ болып жетіледі

Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, бұл әлемнен махаббат табуға үйретеді.

Баяндама бойынша оқушының талаптары, ережесі, оқу-құралдары, мектеп, ата-ана

арасындағы байланыс, түсіністік ортақ нәтиже туралы құнды ой-пікірлер айтылды,

қоштайтындығын білдірді.

2- мәселе

2. Мектеп ережесімен таныстыру, мектеп формасы жайлы айту

2024-2025 оқу жылында 1-11-сынып оқушыларының мектеп формасы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 534 бұйрығының негізінде мектеп оқытудың зайырлы сипатына сәйкес:

Ұлдардың формасы: қара-көк түсті (темно-синий) пиджак, жилет, шалбар, күнделікті ақ жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, ақ водолазка болады) Ұлдарға арналған шалбарлар

«Өлеңті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы қажет;

☑Қыздардың мектеп формасы: қара көк түсті (темно—синий) пиджак, жилет, қара-көк түсті юбка (юбка ұзындығы тізеден төмен болу керек), классикалық ақ жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, ақ водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы қажет.

☑Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық қара шалбар, куртка, ақ футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовки, кедей) тұрады.

☑Мектеп формасына түрлі Xдіни аксессуарлар, джинсы, слакси шалбарлар, тениска, футболка, қысқа, тор, кожа юбкалар сияқты қатысты киім элементтерін қосуға болмайды X Шашты түрлі түсті бояуға, тырнақ ұзартуға және бояуға, шаш жаюға болмайды.



3- мәселе Оқушылардың сабақ үлгеімі, сабаққа қатысуы жайлы мағлұматтары

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы төмендегідей қаулы қабылдады:

1. «Мектеп, оқушы, ата-ана» атты баяндама тыңдалды.
2. Оқушылар мектеп ережесін орындап жүрсін. Мектеп формасына қойылатын талаптар орындалсын
3. Ағымдағы мәселелер ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ.

Хатшы: *Сабырова Г.К.* Сабырова Г.К.